

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақэроавиация» Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – «Кәсіпорын») «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитетінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 736 қаулысына сәйкес:

- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің «Қазақэроавиация» әуе қозғалысын басқару, ұшулар мен электрбайланысын радиотехникалық қамтамасыз етудің жер үсті құралдарын техникалық пайдалану жөніндегі шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның; және
- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитетінің «Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қосылуы арқылы құрылды.

Кәсіпорын Астана қаласының Әділет департаментімен 2013 жылғы 18 қыркүйекте тіркелді, БСН 130940015918, соңғы рет қайта тіркелу амалы 2015 жылғы 30 шілдеде жасалды.

Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – «Құрылтайшы») болып табылады.

Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік меншік субъектісінің құқықтарын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жүзеге асырады.

Кәсіпорынды басқаратын орган Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мәні Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінің пайдаланушыларына аэронавигациялық қызметтерді көрсету, әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық құрылғыларын пайдалану және күтіп ұстау болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі пайдаланушыларының аэронавигациялық қызмет көрсетудегі және азаматтық авиация саласының авиациялық персоналды даярлаудағы, медициналық қамтамасыз етудегі, азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз етудегі мұқтаждықтарын қанағаттандырудағы мұқтаждықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақэросервис» акционерлік қоғамын тарату туралы» 2015 жылғы 16 шілдедегі № 537 қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитетінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 736 қаулысының 3-тармағына өзгерістер енгізілді, соларға сай Кәсіпорын қызметінің негізгі мәндерінің тізбесіне ұшуларды метеорологиялық және іздестіру-құтқару қамсыздандыру, аэронавигациялық ақпаратты ұсыну қызметі қосылған.

Кәсіпорынның қызметі Халықаралық азаматтық авиация туралы тұжырымдамамен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен аэронавигация қызметтері Қазақстан Республикасында табиғи монополиялар аяларына жатқызылған. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінің пайдаланушыларына аэронавигациялық қызметтерді көрсетуге эксклюзивті құқықтары бар.

Қызметтердің құны әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуге арналған белгіленген тарифтерге негізделеді. Кәсіпорынның қызметі мыналарға бөлінеді: реттелетін және реттелмейтін.

Реттелетін қызметтерге арналған тарифтерді 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті бекітеді. Реттелмейтін қызметтерге арналған тарифтерді Кәсіпорын ИКАО ұсынымдарын ескере отырып өз бетімен белгілейді.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

**1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**

Қазақстан Республикасының аумағында медициналық қызметтерді көрсету қызметін Кәсіпорын:

- Астана қ. денсаулық сақтау басқармасы 2015 жылғы 30 желтоқсанда берген № 15022637 мемлекеттік лицензияның, қолданылу мерзімі тұрақты.
- Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті 2020 жылдың 22 қарашасына дейін қолданылу мерзімімен 2017 жылғы 22 қарашада берген азаматтық авиациядағы медициналық мекемелердің қызметін реттейтін талаптарға сәйкес келуіне арналған № 1 сертификаттың негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының аумағында авиациялық персоналды даярлау және қайта даярлау қызметтерін көрсету қызметін Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Келік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті 2017 жылғы 9 қаңтарда берген № АУЦ 05-14 Авиациялық оқу орталығы сертификатының негізінде жүзеге асырады. Авиациялық оқу орталығының сертификаты мерзімсіз болып табылады.

2017 жылғы 31 желтоқсанға кәсіпорынның ұйымдық құрылымына Орталық аппарат кіреді, оның құрамына Персоналды даярлау орталығы мен Медициналық орталық, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өңірлерінде тіркелген 15 филиал кіреді.

Кәсіпорынның заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Е522 көш., 15 ғимарат.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілікті шығаруға Кәсіпорынның Бас директоры мен Бас бухгалтері 2018 жылғы 27 наурызда бекітті.